




Анықтау актісі

Алматы қаласы

18.08.2025ж

Құрамында «Алматы қаласы қалалық мобилдік басқармасының» КММ бас маманы А. Ашеннов, «Green-Balance» ЖК орман патологы А.Т. Әділбай, «Медеу паркі» КММ орманшылығы орманшысының көмекшісі Ш. Мулкибаев, Іле-Алатау МҰТП Медеу филиалы директорының орынбасары М.Ажибеков комиссия құрылып, «Алматы қаласы қалалық мобилдік басқармасының» КММ басшысы С.Телібаевтың хаты негізінде, «Медеу» спорт кешенінен «Тұйық су» курорттық аумағына дейінгі аралықтағы жасалынып жатқан жол жобасы бойынша шығып, тексеру жүргіздік.

«Алматы қаласы қалалық мобилдік басқармасының» КММ жасаған жоспарында жалпы («Медеу паркі» КММ, Іле-Алатау МҰТП Медеу филиалының жерлері) 9168 метр жолды қайта жасау қарастырылған. Жобада көрсетілген ағаштардың жалпы саны 1460 дана әртүрлі тұқымдастар. Оның 499 данасы Ұлттық парк аумағында, 961 данасы Медеу Мемлекеттік өңірлік табиғи паркінің жерінде. Ағаштар жалпы 108 текше метрді құрады.

Жоғарыдағы орман қоры жеріндегі ағаштардың көлемі Ұлттық парктің Медеу филиалы Кіші-Алматы орманшылығындағы 48,59 орамдарда 0,5 га жерде 32 текше метрді құрады. Медеу өңірлік паркінде, 1,0 га жерде көлемі 76 текше метрді құрады. Осы ағаштардың 176 данасы кесіледі, оның: Медеу өңірлік паркінде 120 данасы, Ұлттық парк аумағында 56 дана ағаштар толығымен кесіледі. Қалған ағаштар жоба бойынша сақтау, қорғау бойынша есептелінген. Медеу өңірлік паркінде орман орналастыру материалдарының жоқ болу себебінен, есептеу жүріп санау арқылы жүргізілді.

Тексеру барысында көрсетілген аралықтардағы жол жасау үшін кедергі келтірген ағаштарды кесу және түбінен алу бойынша «Green-Balance» ЖК А.Т. Әділбай орман патологиялық тексеру жұмыстарын жүргізіп, ағаштарды түрлері бойынша есептеп, материал әзірлеген.

Қортынды: Жол орнынан алынған (кесілген) ағаштардың орнына «Алматы қаласы қалалық мобилдік басқармасы» КММ болашақта қайта ағаштар отырғызып көркейту жұмыстарын жасап беруге кепіл берді.

Қол қоюшылар:

«Алматы қаласы қалалық
мобилдік басқармасының» КММ
бас маманы

А. Ашеннов

«Green-Balance» ЖК орманпатолгы



А.Т. Әділбай

«Медеу паркі» МБК
Медеу орманшылығы орманшысының
көмекшісі




Ш. Мулкибаев

Іле-Алатау МҰТП
Медеу филиалы директорының орынбасары



М.Ажибеков

Казахский Промтранспроект ЖСШ
Жобаның бас инженері



М.Т.Мусаев